

Илияс Есенберлин атындағы №67 гимназия
«Күз 2025 жыл» мерекесіне арналған іс-шаралардың
анықтамасы

«Күз мерекесі 2025 жыл» іс-шарасы бойынша «Күзгі көңіл-күй» пластик жою, суды қорғау, өсімдіктер мен жануарларды сақтау мақсатында 5-сыныптар арасында «Күзгі асар» макеттер жасау жәрмеңкесі өткізілді. Мақсаты: экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты қорғауға тәрбиелеу, шығармашылық, ізденімпаздық қасиеттерін дамытуға бағыттау



<https://www.instagram.com/reel/DPnSiCwiAvg/?igsh=MWphbzB1MXNtMGRsaA==>

14 қазан 2025 жылы гимназиямызда «Күз мерекесі-2025» іс-шара жоспарына сәйкес 8 сыныптар арасында «Күзгі сән үлгісі» дефилесі өтті. Іс шараның мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру, ұйымшылдық пен достық қарым-қатынасты нығайту. Сонымен қатар, бұл шара жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, өнерге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Оқушылар мынандай марапаттарға ие болды: Бас жүлдеге ие болған 8 «Г» сынып оқушылары Толыбай Сезім, Әбілқайым Нұрғиса марапатталды. І орынға ие болған 8 «В» сынып оқшылары Ермұхамет Жания, Нахтаев Адилхан марапатталды. ІІ орынға ие болған 8 «К» сынып оқушысы Әбдураим Назерке, Қалдау Ахметбек марапатталды. ІІ орынға ие болған 8 «Е» сынып оқушысы Сейтбек Гүлім, Иса Марғұлан марапатталды. ІІІ орынға ие болған 8 «Ж» сынып оқушысы Энгельс Кәусәр Сұлу марапатталды. ІІІ орынға ие болған 8 «А» сынып оқушысы Ашимбаева Амина, Қайржан Алмат марапатталды. Барша қатысушыларды жүлделі орындарымен құтықтаймыз.



<https://www.facebook.com/reel/1140787988118835>

Илияс Есенберлин атындағы №67 гимназияда «Күзгі бал – 2025» кеші өтті!

16 қазан күні Ильяс Есенберлин атындағы 67 гимназияда дәстүрлі «Күзгі бал» кеші жоғары деңгейде ұйымдастырылып өтті.

Іс-шара барысында оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, түрлі байқауларға белсенді қатысты.

Шығармашылық қабілеттерін көрсеткен оқушылар ән айтып, би билеп, көркем сөз оқыды.

Байқау нәтижесі бойынша жүлделі орындар анықталып, жеңімпаз сыныптар марапатталды.

Кештен жарқын әсерлер мен есте қаларлық сәттер қалды.



<https://www.instagram.com/reel/DQCBFLsCKmf/?igsh=cnRtbWxjc3dmOWRw>